

Ә. Б. Түсіпбеков,
*әкімшілік құқық және ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі
кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ ДАМУЫ

Демократиялық қоғамда көпшілік әкімшілік органдар, лауазымдық тұлғалар азаматтар үшін құқықтық салдарлар тудыратын әкімшілік актілерді шығару құқығын ғана иеленіп қоймай, тиісті тәртіп шеңберінде әрекет етуге, құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауап беруге және осындай әрекеттермен келтірілген залалдардың орнын толтыру үшін де жауапкершілікті өз мойнына алады. Әкімшілік әділет — бұл адамның құқықтарына көпшілік әкімшілік тарапынан болатын нұқсан келтіру мен қиянат етушіліктен қорғаудың соттық механизмі. Дәл осында оның құқықтық мемлекеттегі құндылығы шоғырланады¹.

Қазақстандағы әкімшілік құқық Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген ережелер мен құндылықтарға әлі де толық сәйкес келмейді. Әкімшілік әділеттің дамуы әкімшілік әділет институты адам құқығын қорғау механизмінің бөлінбес бөлігі болып табылатын батыс елдердің тәжірибесін есепке алумен барлық әкімшілік құқық реформаларының аясында жүзеге асырылулары керек. Қазақстанның құқықтық жүйесінің халықаралық құқықтық құндылықтарға жақындауы Қазақстан Республикасы Президентінің «2010—2020 жылдарға Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы туралы» Жарлығында көрсетілгенⁱⁱ.

Мұнда, Қазақстанның соттық жүйесі жалпы ұйым мен мемлекеттің мүдделері заңмен қорғалатын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді соттық қорғауды қамтамасыз ету қажеттіліктеріне жауап береді. Соттық-құқықтық жүйенің дамуы бірізділік және кезеңдік негізде келесідегідей бағыттар бойынша жүзеге асырылатыны болжанады. Оның дамуының негізгі векторы соттар мен сот төрешілерін мамандандыру, сонымен қатар, ювеналдық соттарды дамыту, қылмыстық істерді қарастыру бойынша мамандандырылған соттарды құру, салықтық және басқа да мамандандырылған соттардың пайда болуы болып табылады.

Келешекте әрекет етуші әкімшілік соттардың негізінде көпшіліктік-құқықтық дау-дамайларды әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді жалпы құзыретті соттардың қарауына беруді қарастыратын әкімшілік әділет жүйесін құру қажет.

Сот жүйесін жетілдіру нәтижесінде әртүрлі соттық инстанциялардың қызметтерді қайталауларын болдырмау керек.

Негізгі заңға сәйкес сот төрешісі шешім шығаруда тәуелсіз болады және тек Конституция мен заңға ғана (77-бап 1-бөлімше) бағынады. Сот актісі сот дауына қатысты екі жақтың арасында жаңа жанжалдарды тудырмай, оларды мүлде болдырмауы керек.

Сот жүйесін дамыту перспективасы сотқа дейінгі істе сот бақылауының шектерін кезеңдік кеңейту мүмкіндігімен байланысты.

Аралық және төрелік соттардың жүйесі дамитын болады. Қоғам сот билігінің қызметін толық, әділ және бейтарап түсіндіруге қызығушылық танытады. Осындай мақсаттармен сот жүйесінің ашықтығы мен әділеттілігінің деңгейін, оның ішінде соттардың қызметі туралы ақпаратқа халықтың толық қол жеткізуіне мүмкіндік беру арқылы арттыру қажет.

Соттық ақпаратты тиянақтаудың заманауи құралдарын енгізу сот ісін жүргізуде жарыс принципін жүзеге асыруға септігін тигізетін болады. Сот жүйесін жоспарлы ақпараттандыру сот әділдігін атқару, тәртіпті жеңілдету және істерді қарастыру мерзімдерін қысқарту, сот шешімін орындаудың тиімділігін арттыру үрдісін жедел ақпараттық-құқықтық қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы әкімшілік құқық азаматтық және қылмыстық заңнамамен салыстырғанда жеткілікті дамыған болып есептелмейді. Әкімшілік әділетті құру көпшілік әкімшіліктің барлық қызметінің реформасынан бөлек өтпеуі керек. Әкімшілік әділетті дамыту бойынша жұмыстар тек әкімшілік соттарды құруға ғана әкелмеуі керек. Әкімшілік тәртіптер мен қызмет көрсету реформаларының өзектілігін, әкімшілік іс жүргізу

нормаларын және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот ісін анық бөлуді де атап өту керек. Реформалардың кешенділігін қамтамасыз ету үшін әкімшілік құқықты дамытудың жалпы векторы бар тұжырымдамалық қор қажет.

Сәйкес заң жобаларын жасау үшін әкімшілік заңнаманың барлық бөлімін реформалау тұжырымдамасын дайындауды ұсынуға болады. Құқықтың осы саласының дамуын сараптау 2009 жылы дайындалған, Құқықтық саясатты зерттеу орталығының «Қазақстан Республикасындағы сот-құқықтық реформаны дамыту перспективалары» атты басылымында баяндалғанына назар аудару керекⁱⁱⁱ.

Әкімшілік әділетті құрудың кейбір сабақтарына да назар аударғымыз келеді. Оның пікірінше, реформаның өзі қай уақытта басталып, оны кім бастап, одан әрі дамытатынын түсіну маңызды. Бүгінгі күнде 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін, көптеген іс жүргізу кодекстері қабылданған. Бірақ, өкінішке орай, әкімшілік іс жүргізу кодексі әзірленбеген. Онда кеңестік кезеңде болған көзқарастар қайта қарастырылған еді. Дәл осы кезде көпшілік-құқықтық дау-дамайлардың құқықтық табиғаты азаматтық дау-дамайларға қарағанда біршама өзгеше екендігі туралы нақты түсінік пайда болды, бұл азаматтық іс жүргізу туралы заңның аясында реттелмейтін ерекшеліктер болды. Бұл түсінік жеке процессуалдық құжатты әзірлеуге әкелді. Заң шығарушыда доктрина туралы түсініктің пайда болуы үшін қанша диссертацияның керек екендігін айту қиын. Доктринаны әзірлеуде барлық қоғамды қатыстыру орынды болмақ. Бұл әкімшілік әділеттің қалыптасуында өтуге тырысып жатқан тәжірибелердің бірі.

Сондай-ақ, Қазақстандағы әкімшілік әділетті құру үшін маңызды бірқатар шарттарды атап өткіміз келеді.

Біріншіден, Әкімшілік іс жүргізу кодексі жобасымен жұмыстың сәтсіз тәжірибесін есте сақтай отырып, алдымен, әкімшілік әділет моделінің бөлігін анықтап алу керек еді. Сонымен қатар, басқа елдерде бар әрбір үлгінің артықшылықтарын да ескермеуге болмайды. Қазақстан Республикасының Президенті айтқандай, басқа елдерде бар ең жақсыларды алу керек. Әрбір үлгіден ең жақсысын алу керек.

Екіншіден, бір мезгілде әкімшілік іс жүргізу заңының аясында сотқа дейінгі тәртіптерді дамыту керек. Апелляциялық комиссияны және соттық сыңайлы әкімшілік рәсімдерді құру қажеттілігі бар, ол дау-дамайларды қарастырудың жедел тәртібін, сонымен қатар, қоғамдық сенім мен келісімді қамтамасыз етуі керек. Комиссияның шешімі үшін сотқа шағым жазылуы мүмкін. Яғни, сот тәртібін жабудың қажеті жоқ. Алайда, әкімшілік тәртіпте шағым беру сотқа жүгінудің альтернативасы немесе осындай жүгіну үшін міндетті шарты болуы керек па деген сұрақ пікірталас тудырды.

Үшіншіден, әкімшілік рәсімдер туралы заңды жетілдіруде дау-дамайларды шешу принципін бекіту керек. Өйткені, толығымен бәрін реттеу мүмкін емес қой, себебі ұсақ реттемелеу нормалардың жүзеге аспауларына және олардың тиімділіктерінің төмен болуына әкеледі^{iv}.

2015 жылға арналған заң жобалық жұмыстарының жоспарына әкімшілік заңнаманың даму тұжырымдамасының негізінде жасалған заң жобаларын қосуды ұсынғымыз келіп отыр. Әкімшілік іс жүргізу кодексі жобасымен қатар, әкімшілік рәсім туралы; көпшілік-құқықтық дау-дамайларды кім қарастыратынын анықтау үшін мамандандырылған соттардың сотта қаралуға тиістілігін қайта қарастыру туралы; қоғамның міндетті қатысуымен комиссияны құру, көпшілік-құқықтық дау-дамайларды шешу соттан тыс механизмдерінің барлық формалары туралы жаңа заңның жобасын әзірлеуді ұсынамыз.

Қорытындылай келе, мемлекетте әкімшілік соттардың болуы оның даму деңгейі мен демократиялылық дәрежесін куәландыратынын атап өту керек. Мемлекет әкімшілік әділетті құра отырып, өзінің мақсаты ретінде жеке тұлғаларды көпшілік басқару органдарының және олардың лауазымдық тұлғаларының бассыздығынан құтқаруды қояды.

Парламент депутаттары адамның құқықтары толық қорғалған болуы үшін Қазақстан Республикасында әкімшілік әділеттің толыққанды жүйесін құру мақсатында ұсынылған заң жобаларын жақын арада қабылдауға қызығушылық танытты.

-
- i Тұрғараев М. Б. Қазақстан Республикасында әкімшілік юстицияны ұйымдастыру мен дамыту проблемалары. — Алматы, 2005.
- ii «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 ж. 24 тамыздағы № 858 жарлығы // <http://online.zakon.kz>
- iii Административная юстиция в Республике Казахстан: современное состояние и перспективы реформирования: Мат-лы междунаро. науч.-практ. конф. — Астана, 2012 // <http://adilet.gov.kz>
- iv Подопригора Р. А. Стратегические вопросы развития административной юстиции в Казахстане: Аналитическая записка. — Алматы, 2012.